

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Қазақстан» газетіндегі мақалалар сипаты

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.03.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/135149/

“Қазақстан” газеті – қазақтың жерінде жарық көрген тұңғыш ұлттық мерзімді басылым. Қазақ үшін қызмет еткен газеттің бұрынғы заманда шығуы оңай болмағанын білеміз. Қайраттанса қасқырды құйрықтан алып қазық қып қағатын, айбаттанса арыстанды астымызға алаша қып басатын алты Алаштың көсемдерінің басты құралы осы “Қазақстан” газеті болатын. Елеусін Бұйраұлы осындай игілікті іске білек сыбана кіріскен басылым редакторы болатын. Елеусін Бұйраұлы елді мәдениетке, өркениетке жеткізуге шақыратын көшбасшы құрал — баспасөз екендігін аңғарып, жаңа сипаттағы газет шығаруға бел байлайды. Бұл мақсатын іске асыру үшін қазақ зиялылары — Ш.Бөкеев, Ғ.Қарашев, Б.Қаратаев, М.Шомбалов, С.Меңдешовтермен бірігіп, 1911 ж. Ордада “Қазақстан” деген газет шығарды. 1911 — 13 жылдары газеттің редакторы болып тұрды. Ол “Қазақстан” сөзін тұңғыш рет ресми тілге енгізді. Осылайша газеттің атын «Қазақстан» деуінің о заманда патшалы Ресейдің қазақ даласын жанталаса мұжықтандырып, қалай қылғанда да жерін күшпен алуды мәжбүрлеп, жергілікті халықтың меншігінен мемлекеттік меншікке өткізіп, этностың атына шейін бұрмалап, «Қырғыз өлкесі» деуінде түпкі дәмесі бұл әкімшілік-аумақтық мекенді түгел басыбайлы иемденуді заңдастыру еді. Міне, қалыптасқан саяси ахуалдың бағытына қарама-қарсы тарихи сананың көрінісі «Қазақстан» деп газеттің атын елінің атымен атауы империялық идеологияға, оның отарлау саясатына редактордың бетпе-бет қарсы шығуы еді.

Бұйрынның артында қалған әдеби мұрасы — өзі шығарып тұрған “Қазақстан” газетіндегі мақалалары мен көсемсөздері және “Ызың” атты өлеңдер жинағы. Бұйрын жинаққа “Әу, қазақ!”, “Азаматқа” деген екі өлеңі мен аудармасына қоса “Қазақстан” газетінде жарияланған.

Шығарушыларының сөзімен айтсақ, «Қазақстан» газеті: «...бізді бір тілек, бір ниеткен жиятұғын зат... – біздің басшымыз!... – біздің достар алдындағы көркіміз! Дұшпандарға қарсы құралымыз!...- білмегенді көрсететін ұстазымыз! ... қараңғыда жарық беріп, тура жолға салатын шамшырағымыз!» Газеттің күллі ауыртпашылығын негізінен бір өзі көтеріп жүрген Бұйрынның редакциялық мақалаларды өзі жазып тұрғынына күмән жоқ, ол: «Заман өгереді, заман шаруаны, адамды өзгертеді. Өзгермесе, жаңаға

ыңғайланбаса, ол кейін қалады. Заманымыз өзгеріп отыр, бізде өзгерейік», – дейді алғашқы санында. Әлі де өткірлігін жоғалта қоймаған пікір. Екінші нөмірдегі: «Халіміз келсе, бір адамды бір адамнан артық еткен ғылым мен өнер үйреніп, өзімізден ілгері кеткен халықтармен қатарласуға талап етелік», – деген пікір түйісі де өткен ғасыр басындағы Елеусін Бұйраұлының бейнесін таныта түседі.

Алтынбекқызы Алтынай

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.